68	«Үстінде-астында, алдында-артында. оң жақта-сол жақта	Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында. Балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (<i>жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта</i>); кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	1		
69-70	«9 саны және цифры»	Балаларды 9 санымен таныстыру. 1-ден 9-ге дейін тура және кері санай білуге үйрету. Сандарды бірін бірінен ажырата буліге үйрету.	2		
71	«Жыл мезгілдері. Жыл айлары»	Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Жыл мезгілдерін және ай атауларын рет-ретімен атауға үйрету.	1		
72-73	«10 саны және цифры»	Балаларды 10 санымен таныстыру. 1-ден 10-ге дейін тура және кері санай білуге үйрету. Сандарды бірін бірінен ажырата буліге үйрету.	2		
74	«Апта күндері. Тәулік бөліктірі. Циферблат бойынша уақытты анықтау»	Балаларды « <i>ұзақтық</i> » (<i>уақыт</i>) терминімен таныстыру. Оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін сипаттайтын сөздермен таныстыру: <i>кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн</i> . Оқиғалардың ұзақтығы, тәулік мезгілдері туралы ұғым қалыптастыру. Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты «кеше, бүгін, ертең» сөздерін дұрыс	1		

		қолдануға үйрету.			
75-76	«Қайталау». «Ойнай отырып, ойла»	Баланың даму деңгейін , пішін және түс туралы түсінігін анықтау, заттардың қасиеттері туралы түсінігін дамыту.	2		
77	«Таразы»	Заттарды таразыда теңестіру тәсілімен таныстыру. Салмақ бойынша таразыға өлшеуге болатыны, таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек деген ұғыммен таныстыру. Салмақ бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құруға, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету.	1		
78	«Салыстыру» «Сопакша»	Салыстыруды пысықтау.Суретпен жұмыс жүргізу.Есептер құрастырып шығару. Баланың даму деңгейін , пішін және түс туралы түсінігін анықтау, заттардың қасиеттері туралы түсінігін дамыту.	1		
Ү модуль					
79	«Өлшеу»	Өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту.Салыстыруға болады, таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек деген ұғымды бекіту. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу	1		
80-81	«Сандардың құрамы»	Баланың даму деңгейін , пішін және түс туралы түсінігін анықтау, заттардың қасиеттері туралы түсінігін дамыту.	2		
82	«Нені білеміз, нені жасаймыз»	Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.10 шегінде тура және кері санау білігін, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру білігін бекіту. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу.	1		
83-84	«Есепті шығару» . «Қайталау»	Бал Балалардың «Есеп» түсінігімен, оның құрылымдық элементтерімен тан қалыптастыру. Сұрақ қою және оған жауап беру дағдыларын дамыту	2		
85	«Геометриялық пішіндер». «Сызғышпен танысу»	Көпбұрыш, көпбұрыштың түрлері (үшбұрыш, бесбұрыш, бесбұрыш) туралы түсінікті нақтылау.«Көпбұрыштың қабырғалары», «Фигураның бұрышы» түсініктерін нақтылау.	1		
86-87	«Көлемдік геометриялық пішіндер»	Геометриялық фигуралардың атауымен (шеңбер,үшбұрыш,шаршы,сопақ, тіктөртбұрыш және т.б.) таныстыру және бекіту; осы фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету.	2		
88-89	«Қайталау»	Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	2		
90-91	«Көлемдерді салыстыру»«Ойнай отырып, ойла»	Балаларды салмағы бойынша көлемдерді салыстыруға үйрету. Сандарды бірін бірінен ажырата буліге үйрету.	2		
92-93	« 11-ден 20-ға дейінгі сандар»	10 көлеміндегі реттік және есептік санауды қайталау; 20 көлеміндегі Сан сандар құрамын бекіту,саусақ қимылдарын дамыту. 20 көлемінде есеп есеп шығару	2		
94-95	«Ондықтар» «Қайталау»	Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу атай	2		

96-97	«Сағат» «Жыл мезгілдері»	Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Жыл мезгілдерін және ай атауларын рет-ретімен атауға үйрету.	2		
98-99	Тәуліктер» «Бүтінді бөлікке бөлу»	Балаларға тәулік туралы мәлімет бері. Фигураларды тең бөліктерге бөл бөлумен таныстырады, <i>«жарты»</i> , <i>«ширек»</i> түсініктерімен таныстырады	2		
100-101	«Қайталау»	Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу	2		
102-103	«Қайталау»	Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу	2		
104-105	«Қайталау»	Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	2		
			105 сағат		

Түсініктеме

Жаңа буынның «Сөйлеуді дамыту» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) дейінгі жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығы-мен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау. Осы барлық қағидалар жаңа буынның «Сөйлеуді дамыту» оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы мен мазмұнында ұтымды көрініс тапты.

ОӘК төмендегі оқу құралдарынан тұрады:

- 1) Педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау (бұдан әрі – нұсқау);
- 2) 32 ұйымдастырылған оқу қызметінен тұратын әліппе-дәптер. Әдістемелік нұсқауда:

- Ұзақмерзімді жоспар;
- Қысқамерзімді жоспар берілген.

Әдістемелік нұсқау қысқамерзімді жоспар түрінде орындалған сабақ мазмұнынан тұрады. Жоспарлаудың бұл түрі бірінші сыныпқа арналған оқу құралдарында да бар, сондықтан ол мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп ОӘК-ін әдістемелік қолдау-дың бірізділігін тағы да бір дәлелдейді.

нұсқаудағы тапсырмалар осы әдіс-тәсілдер есебінен барынша қызықты, мазмұнды, ойын түрінде тартымды болады. Онда әдеби сөз де, сурет салу да, сахналық рөл сомдау, ойын, драмалау, ойнау, фольклор, сергіту сәті, практикалық тапсырмалар, шағын зерттеулер және т.б. бар.

«Сөйлеуді дамыту» сабағының **мақсаты:** нақты, мәнерлі тілдік дағдылары мен біліктерін, тілдік бірліктерді еркін және орынды қолдануды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- Балалар іс-әрекетінің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеу тілі компоненттерін дамыту.
- Тілді естуді дамыту, сөздік қорды байыту.
- Тілдесу дағдыларын (диалогтік және монологтік) қалыптастыру.
- Сөйлесу әдебінің нормаларына баулу.
- Тілге, оның байлығы мен көркемдігіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу

Ұзақ мерзімді жоспарлау
«Сөйлеуді дамыту» бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Сөйлеуді дамыту пәні мектепалды сыныбы (аптасына 2 сағат, барлығы 70 сағат)
оқулық авторы: Г.Ж. Тұрсынбаева,Қ.І.Үкібас

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I модуль					
1-2	«Балабақшадағы алғашқы күн.»	Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2		
3-4	«Менің досым»	Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу.	2		
5-6	«Менің сүйікті ойыншығым»	Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.	2		
7-8	«Күз бояуы.»	Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	2		
9-10	«Менің атам»	Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	2		
11-12	«Қорыққанға қос көрінеді.»	Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	2		
13-14	«Отбасының күзгі еңбегі»	Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.	2		
15-16	«Күзгі жапырақтар»	Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру. <i>Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»</i> өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.	2		

II модуль					
17-18	«Шашгараз»	Өлеңді жаттату. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2		
19-20	«Ең тәтті дүние?»	Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.	2		
21-22	«Әжесін қайсысы жақсы көреді?»	Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.	2		
23-24	«Қысқа дайындық»	. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2		
25-26	«Алғашқы қар»	Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	2		
27-28	«Менің Отаным» (өлең)	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүйуге баулу.	2		
29-30	«Қыс»	Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2		
31-32	«Ажарлы қыс»	«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. Өртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	2		
III модуль					
33-34	«Біз де ойнаймыз?»	Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету. Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.	2		
35-36	«Ақсақ құлан» (Аңыз)	«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету. Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.	2		
37-38	«Су торғайы»	Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.	2		
39-40	«Қыс қызықтары»	Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	2		

ІҮ модуль					
41-42	«Қантар»	Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу	2		
43-44	«Кеме»	Өлеңді оқып, түсінік беру. Су көліктері туралы білімдерін кеңейту. Өлеңді жатқа айта білуге тәрбиелеу.	2		
45-46	«Кім ақылды?»	Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	2		
47-48	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	2		
49-50	«Менің анам»	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Ана туралы өз ойларын айтқызу. Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.	2		
Ү модуль					
51-52	«Күшік пен мысық»	Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу	2		
53-54	«Наурыз көктем мерекесі»	Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2		
55-56	«Қасқыр мен түлкі»	Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу	2		
57-58	«Жайлауда»	Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	2		
59-60	«Мен ғарышкер боламын»	Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу.	2		
61-62	«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»	<i>«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»</i> әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2		
63-64	«Мандай тер»	Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2		
65-66	«Күн, ай және қораз»	Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру. Достықты бағалай білуге тәрбиелеу.	2		
67-68	«Түлкі мен қоян» ертегісі	Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін	2		

		дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.			
69-70	«Жаздың кезі көңілді» «Асфальттағы суреттер»	«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. 3. Табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу. Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.	2		

Түсініктеме

Жаңа буын *«Көркем әдебиет»* оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (**Қазақстан Республикасы- Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген**). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің *жаңа методологиялық негізін* анықтайды;

2.1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген**);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген**). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені *«Коммуникация»* білім беру саласының *«Көркем әдебиет»* сабағына негізделіп жазылған.

Бағдарламада *«Көркем әдебиет»* сабағының **мақсаты:**

-Тілге, көркем сөзге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

Көркем әдебиеттің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;

Әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру;

Түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды тыңдай білу қабілетін дамыту;

Әдеби шығармаға эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру;

Әдептілік біліктері және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру.

Ұзақ мерзімді жоспарлау
«Көркем әдебиет» бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Көркем әдебиет пәні мектепалды сыныбы (Барлығы 70 сағат, аптасына 2 сағат)
оқулық авторы: Ә.С.Әмірова, К.Анартаева

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I модуль					
1-2	«Білімнің бұлағы»	Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту. Балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	2		
3-4	«Оқу құралдары хикаясы» (ертегі)	Шағын мәтіндер, ертегілер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)	2		
5-6	«Кішкентай бағбан»	Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу	2		
7-8	«Мақтаншақ қоян»	Ертегіні оқып беру.Ертегі желісі бойынша көрініс көрсете білуге тәрбиелеу.Жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.Сөздік қорларын молайту.	2		
9-10	«Шаруа мен аю»	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2		
		Саусақ қимылдарын жасай білуге деген қызығушылықтарын туғызу.	2		

11-12	«Түлкі мен тырна»	Ертегі кейіпкерлерін баланың саусағына кигізіп кейіпкердің дауыс ырғағын салғызу.			
13-14	«Менің ойыншықтарым»	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.	2		
15-16	«Тегін сыйлық»	Кейіпкерлерді қимылдарын көрсете отырып ,ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға үйрету.	2		
II модуль					
17-18	«Мақтақыз бен мысық»	Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу.	2		
19-20	«Үйшік»	Ертегі желісі бойынша көрініс көрсете білуге деген қызығушылықтарын туғызу. Балаларды ертегінің аяғына дейін ынтамен қызыға тындауға үйрету.	2		
21-22	«Әдептілік әлемі»	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	2		
23-24	«Ақылды лақ»	Тәрбиешімен бірге ертегіні мазмұндай отыра кейіпкерлердің мінез – құлықтарын дауыс ырғағы арқылы көрсету. Ертегі ретіне сай дайындаған дискілі театрды қолдана отырып мазмұндау..	2		
25-26	«Тәуелсіз Қазақстан»	Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	2		
27-28	«Қойшы,түлкі және аю»	Саусақ қимылдары арқылы ертегіні сахналау, тілдерін жаттықтыру.	2		
29-30	«Тиімді тамақтану»	Ертегініні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру.	2		
31-32	«Мысық,әтеш және түлкі»	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.	2		

III модуль					
33-34	«Төлдер айтысы» (ертегі)	Ертегі кейіпкерлерінің эмоцияларына ене отырып, сахналауға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.	2		
35-36	«Жаңа жыл кеді»	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту. Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	2		
37-38	«Шұбар тауық»	Балаларға ертегіні театр арқылы сахналауды үйрету. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру.	2		
39-40	«Жақсы мен жаман» әңгімесінің мазмұнын айту	Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу	2		
IV модуль					
41-42	«Қарлығаш пен дәуіт»	Ертегіні сахналай алуға үйрету. Балаларды өздерін еркін ұстай отырып, әртістік қабілеттерін ояту. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ойнай білуге дағдыландыру. Ертегі кейіпкерлер арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге тәрбиелеу.	2		
43-44	«Бір уыс мақта»	Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2		
45-46	«Ұр, тоқпақ»	Балаларға ертегіні көлеңке театры арқылы сахналауды үйрету. Еңбекқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Рөлге еніп ойнау қабілеттерін арттыру	2		
47-48	«Әже»	Өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу	2		
49-50	«Досыңа серік бол»	Достық сезімді қолдану арқылы ертегімен таныстыру балаларды тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Үлкендерді тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.	2		
V модуль					

51-52	«Әз наурызым, Армысың!»	Өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	2		
53-54	«Арыстан мен тышқан»	Ертегімен таныстыру. Балалардың қызығушылықтарын ояту. Ұжымда бірлесе отыра бір ертегіні кішкентай сахналық қойылым көрсете білуге баулу.	2		
55-56	Татар ұлтының «Үш қыз» ертегісін оқу.	Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балаларды ананы сыйлауға, құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу	2		
57-58	«Көктем сәні» ертегі	Ертегіні оқып, ертегі кейіпкерлерін талдауда мазмұнын идеясын, ертегі жанрның ерекшелігін сезіну, ертегіні баяндауда өз ойын қиялымен ұштастыруға баулу.			
59-60	«Мен ғарышкер боламын»	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым қатынасын дамыту. Отанымыздың адал азаматы болуға, өзін бағалай білуге тәрбиелеу.	2		
61-62	«Достық мерекесі»	Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым қатынасын дамыту. Мерекелік көңіл күйін көтеру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.			
63-64	«Жеңіс күні» (өлеңді жаттау) Қайрат Жұмағалиев	Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, мәдениеті туралы түсініктерін дамыту. Өз елін құрметтеуге, Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу	2		
65-66	«Бала - біздің болашақ»(өлеңді жаттау) Қасым Аманжолов	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. Жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.	2		
67-68	«Ақымақ қасқыр»	Кейіпкерлерді қимылдата отырып ертегінің мазмұнын өз беттерімен айтуға үйрету.Ертегі кейіпкерлерінің мінез құлқына сипаттама беруге үйрету.	2		
69-70	«Ерте, ерте, ертеде»(қайталау)	Суреттер бойынша өткен ертегілерді еске түсіре отырып, ертегіні жанрның ерекшелігін, мазмұнын айтып жеткізу: балалардың ойлау,	2		

Түсініктеме

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген)*.

2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген)*

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген)*. Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі мақсаты мен міндеттері:

- Үйренген сөздерді пайдаланып байланыстырып сөйлеу;
- Сурет мазмұнын түсініп айтуға үйрету;
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып ажырата білуге; қысқа өлең, тақпақ, жұмбақтарды жаттап айтуға үйрету.
- Осыған байланысты **«Қазақ тілі»** оқу-әдістемелік кешенің басты мақсаты – көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құрал-жабдықтар және технологияларды тарату, көрсету. «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенінің құрамы: 1. Әдістемелік нұсқау 2.
- № 1, 2 жұмыс дәптерлері Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерден тұрады:
- • Перспективалық жоспар
- • Ұйымдастырылған (70) оқу қызметінің жоспарлары.
- • Қосымша материалдар. Қосымша материалдардың құрамына ертегілер енді. Әдістемелік нұсқау баланың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын оятуға; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтып, сөз ішіндегі дыбысты ажырата алуға жаттықтыруға; ауызша сөйлеулерін жаттықтыруға; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға; сұрақты түсініп, оған саналы түрде толық жауап беруге дағдыландыруға бағытталған. Сол секілді балалардың ақыл-ойының, қабілеттерінің дамуын ескеріп, олардың зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыта отырып оқыту көзделген. Дыбыстық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуды үйренсе, тақпақ, жұмбақтарды қайталай отырып, тілдері жаттығады. Жаңа технологияны, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтеріп, баланың білуге деген қызығушылығын арттыра түсері анық.

- Оқу қызметі ойын түрінде, ал дидактикалық ойындарды өткізуде баланы шаршатпау, денсаулығын сақтау, күн тәртібіне сәйкес жүргізілуі ескерілді. Әрбір сабақтың соңында балалар өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілейді.

Балаға түсінікті, тілдеріне жеңіл, қазақ тілінде заттардың атын атау, сұраққа толық жауап беруге үйретуге, тілімізді құрметтеуге, достыққа тәрбиелеуге, бағыт-бағдар беретін, салт-дәстүрмен, фольклормен таныстыратын, өтілген тақырыптарды пысықтау, есте сақтау мақсатында жұмыс дәптері жасалды.

Ұзақ мерзімді жоспарлау
«Қазақ тілі» бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Көркем әдебиет пәні мектепалды сыныбы (Барлығы 70 сағат, аптасына 2 сағат)
оқулық авторы: Курманова К.Д., Жүргенбаева Г.Н.

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I модуль					
1	«Менің балабақшам»	Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.	1		
2	«Балабақша бөлмелері»	Балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету . Балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	1		
3	«Біздің топ»	Топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. Не? Нелер? Сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. Топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу.	1		
4	«Біз балабақшада не істейміз?»	Балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1		

5	«Балабақша қызметкерлері»	Балабақша қызметкерлерінің лауазым атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету. Балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу.	1		
6	«Менің ойыншықтарым»	Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2- 3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру.	1		
7	«Менің сүйікті ойыншығым»	Ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	1		
8	«Алтын күз»	Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1		
9	«Көгөністер»	Ақпакты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.	1		
10	«Жемістер»	Күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету. Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1		
11	«Жидектер»	Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту	1		
12	«Ойнайық та ойлайық»	Менгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу	1		
13	«Неше? Санау»	Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән	1		

		дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.			
14	«Апта күндері»	Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.	1		
15	«Менің отбасым»	Отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	1		
16	«Ғажайып алаң»	Отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге тәрбиелеу.	1		
II модуль					
17	«Мен және менің достарым»	Тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.	1		
18	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1		
19	«Жақсы өнеге»	Сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Балаларды сыпайылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	1		
20	«Менің пәтерім» (үйім)	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? Сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру	1		
21	«Менің бөлmem»	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.	1		
22	«Менің Отаным»	Отан туралы түсініктерін кеңейту. Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана	1		

		білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу			
23	«Зерде» интеллектуалды ойыны	Ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Білімпаздыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.	1		
24	«Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Ту»	Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тапқақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба	1		
25	«Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба»	Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тапқақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу			
26	«Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан»	Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тапқақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу.	1		
27	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.	1		
28	«Әсем қала – Алматы»	Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.	1		
29	«Қыс қызығы»	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тапқақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. Қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1		
30	«Қолғап» ертегісі	Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1		
31	«Саяхатшы» ертегісі	Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу	1		

		дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.			
32	«Жаңа Жыл құтты болсын!»	Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру. Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.	1		
III модуль					
33	«Қысқы орманға саяхат»	Ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту	1		
34	«Менің киімдерім»	Киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру; Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу	1		
35	«Қысқы киім»	Қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту. Киімді таза ұстауға тәрбиелеу	1		
36	«Ұлттық киім»	Ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.	1		
37	«Дене мүшелерінің атқаратын қызметі»	Дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1		
38	«Тазалықты сүйеміз»	Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. Тазалыққа тәрбиелеу.	1		
39	«Таңертең не істейміз?»	Өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1		

40	«Ұлттық ыдыстар»	Ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу	1		
ІҮ модуль					
41	«Ыдыс- аяқ дүкені»	Сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру. Мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.	1		
42	«Азық-түлік»	Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Ас қадірін білуге тәрбиелеу	1		
43	«Асханада»	Тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Сыпайы, мәдениетті болуға тәрбиелеу	1		
44	«Әжемнің базарлығы»	Ұлттық тағам түрлерімен таныстыру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Тағамдарды қадірлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.	1		
45	«Нан қайдан келеді?»	Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту. Ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Нанды қадірлеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	1		
46	«Үй жануарлары»	Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету. Үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1		
47	«Екі лақ» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Балаларды татулыққа тәрбиелеу.	1		
48	«Аулада»	Сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту. Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс	1		

		айтуға. Қамқорлыққа тәрбиелеу			
49	«Жабайы жануарлар»	Жжануарлардың қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1		
